Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Филология факультеті
А. Байтұрсынұлы атындағы Қазақ тіл білімі кафедрасының докторанты
Асенова Айгүл Халдарқызының «8D02307 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған **«Қыпшақ тілдеріндегі (қазақ, қарақалпақ, ноғай) ортақ сөздердің семантизациясы»** атты диссертациясына ғылыми жетекшінің

ПІКІРІ

Зерттеу жұмысы қыпшақ тілдерін соның ішінде қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерін қамти отырып, ондағы ортақ сөздердің мағыналық дамуын, семантизациялануын қарастырған. Сөз мағынасының дамуындағы процесстерді семантизациялану дейміз. Семантизация үдерісі тілдік бірліктердің мағынасын ашу арқылы көрінеді. Мағына – динамикалы құбылысы, әрдайым өзгеріп, жаңарып не көмескіленіп отырады. Жұмыста семантизацияланудың құрамдас бөліктері ретінде көпмағыналылық феномені, контекстік талдау, синоним және антоним, мағынаның ауысу тәсілдері, мағынаның кеңеюі мен тарылуы, этимологиялық мағыналарды айқындау секілді түрлері көрсетілген.

Диссертанттың жұмысы үш тараудан тұрады. «Қыпшақ тілдері: салыстырмалы-тарихи негіздері» тарауында қыпшақ тілдерінің салыстырмалы-тарихи бағытта зерттелуіне, қыпшақ тілдерін топтастырудың лингвистикалық ерекшеліктеріне, қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерінің даму сипатына жан-жақты тоқталған. Түркі тілдерінің ішінде туыстас тілдер деп қарап, салыстырмалы тұрғыда көп зерттелмейтін қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдері материалдарының зерттелуі жұмыстың өзектілігін танытады. Себебі туыс тілдердің өзінде де ортақ сөздер негізінде көптеген мағыналық айырмашылықтар айқындалған.

«Қыпшақ тілдеріндегі ортақ сөздердің семантикалық дамуы» тарауында қыпшақ тілдеріндегі сөз семантикасы туралы зерттеулерге ғылыми шолу жасай отырып, *а, аз, ай, айт, ақ, ал, аң, арт, аш* ортақ сөздерінің семантизациялануын мысалдар арқылы көрсеткен. Ортақ сөздер мағыналық тұрғыда дами келе, тілде көптеген жаңа тілдік бірліктер қалыптастырған. Оны көне түркі сөздіктері, тарихи ескерткіштер мен түрлі сөздіктер арқылы, көркем шығармадан мысалдар келтіре отырып дәлелдеген.

Үшінші тарауында тіл білімінің антропоөзектік негіздегі жаңа бағыттары мен семантиканың байланысына тоқтала келе, көпмағыналылық феноменінің аталған тілдердегі ерекшеліктері мен семантизациялану үдерісінің әлемнің тілдік бейнесін сипаттаудағы маңыздылығын айқындаған.

Сонымен қатар тіл білімнің семасиология саласын дәстүрлі зерттеу бағыттарымен шектелмей, әлемдік тіл біліміндегі жаңаша көзқарастар арқылы зерттеудің қажеттігін ғылыми зерттеулер көрсетіп отыр. Таным мен тілге негізделген салааралық зерттеулердің өзегі мағынада жатыр. Мағыналық зерттеу болмаса тілдік бірліктердің қыр-сыры ашылмайтындықтан танымдық бағыттағы зерттеулерді де семасиология саласының аясында қарастыру арқылы саланың аясын кеңейте аламыз. Диссертант жұмысында осы ғылыми көзқарасты толық дәлелдеген.

Туыстас қыпшақ тілдерінің өзінде уақыт өте келе ортақ бірліктер негізінде де семантикалық тұрғыда өзгерістер болатыны дәлелденген. Тілдегі сөздің мағыналық дамуын, мағыналық өзгерістерін тарихи және қазіргі кезең тұрғысынан зерттеу қыпшақ тілдерінің семантикалық ерекшеліктерін кешенді түрді қарастыруға жол ашады.

Қорытындылай келе, диссертант Асенова Айгүл Халдарқызының «8D02307 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған **«Қыпшақ тілдеріндегі (қазақ, қарақалпақ, ноғай) ортақ сөздердің семантизациясы»** атты диссертациясы зерттеу жұмысының мақсатына сай, міндеттері бойынша тұжырымдар жасалған, толық аяқталған жұмыс деп бағалаймыз.

Отандық ғылыми жетекші
Филология ғылымдарының докторы, профессор А.Б. Салқынбай

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Ғылыми кадрларды
даярлау және аттестаттау басқармасының қызметкері

ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби

«04» 12 2025

«ӘЛ-ФАРАБИ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ»
NON-PROFIT JOINT-STOCK COMPANY «AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY»
БИН 990140001154